

**"Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін беру және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу Қағидасын бекіту туралы" Шу аудандық мәслихатының 2006 жылғы 28 сәуірдегі № 22-5-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 12 тамыздағы N 25-4 Шешімі. Жамбыл облысы Шу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 қыркүйекте 97 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы N 29-4 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2009.12.27 № 29-4 Шешімімен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6- бабына және «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына сәйкес және аудандық Әділет басқармасының 2010 жылғы 23 шілдедегі ұсынысы негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін беру және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу Қағидасын бекіту туралы» 2006 жылғы 28 сәуірдегі №22-5-1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-11-31 болып тіркелген, 2006 жылғы 20 мамырдағы №41 «Шу өңірі» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Аталған Шешіммен бекітілген Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін беру және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақысы төлеу қағидасының 9, 22 тармақтары төмендегідей жаңа редакцияда м а з м ұ н д а л с ы н :

«9. Тұрғын үй көмегін алу үшін азамат (отбасы) өтініш береді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы №2314 Қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің 4 тармағында көрсетілген қ ұ ж а т т а р д ы ұ с ы н а д ы . » ;

«22. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді «Шу аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

»

2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*  
*Е.Жиенбеков*

*Мәслихат хатшысы*  
*Б.Саудабаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК